

Пайдаланған әдебитеттер тізімі:

1. Мадалиева А.А. Қазақстанда Президенттік билік жүйесінің қалыптасуы: Автореферат – Алматы, -2008.- 11-17 б.
2. Сахаров Н.А. Институт президентства в современном мире. М., 1994.
3. Касымбеков М. Становление института президентства в РК происходило в чрезвычайно сложной обстановке// <https://www.zakon.kz/>
4. Қазақ КСР Президенті орнын бекіту туралы" Қазақ КСР-ының 1990 жылғы 24 сәуірдегі Заңында ...Президент бірінші рет Республика басшысы деп аталды.// Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1990, №18.
5. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы туралы 2000 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы// <http://adilet.zan.kz>
6. Қазақстан Республикасының Президенті туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңы.// <http://adilet.zan.kz>

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДА МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІ ДАМУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі з.ғ.к., профессор Какимова М.Ш.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 1 курс магистранты Қасымханов А.*

Мемлекеттік билік мәселесі алғашқы мемлекеттік құрылымдардың пайда болу сәтінен басталып, осы күнге дейін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Көптеген ойшылдар қоғамның және мемлекеттің идеалды үлгісін құруға, олардың оңтайлы даму жолдарын анықтауға, топтық және жеке мүдделерді, қарама-қарсы жақтағы позицияларды келісуге тырысты.

Біртұтас мемлекеттік билікті тармақтарға бөлу теориясының өмір сүру қабілеттілігі оның заңдық маңыздарға ие позитивті элементтерінің болуымен анықталады. Осыған байланысты билікті бөлу доктринасын бағалау және талдау көзқарастары жағынан күрделі тарихи сипаттағы екі тұсын ажыратады:

1.Мемлекеттік билікті жүзеге асыру және ұйымдастыру идеясының негізі біртұтас органдар жүйесі ретіндегі мемлекет механизмі шегінде еңбек бөлінуден бастау алады. Бұл органдар жүйесі белгілі бір дәрежеде анықталған, заңды түрде ұйымдасқан, өзара қызметтері шектелген, заңдық дербестігі қамтамасыз етілген, бір орган екіншісінің есебінен заңсыз көтерілуге тиым салынған құрылым.

2.Билік бөлу қай заманда болмасын деспотизмді жоюдың қажетті шарты ретінде және билікті теріс пайдалануға тиым салатын, қоғамдық тәртіпті және заңдылықты қамтамасыз ететін, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына кепіл болатын плюралистік, яғни саяси күштердің, топтың, жеке мүдделерді теңестіретін негізгі құрал ретінде қолданылатын жүйе[1;55].

Біздің көзқарасымыз бойынша мемлекеттік басқару жүйесінің қазақстандық үлгісі заманауи кезеңде келесідей саяси-құқықтық қатынастарға негізделеді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясына билікті бөлудің әмбебап нормаларын саяси-құқықтық бекіту;
- алыс-жақын шетелдердің конституциялық озық, жағымды тәжірибесін қазақстандық қоғамның шынайы өміріне мақсатқа сай бейімдеу;
- биліктің түрлі органдары арасындағы, және де зиялы қауым мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынасты құқықтық реттеу жолымен саяси тұрақтылықты сақтауға басымдық беру;
- мемлекеттік биліктің үш тармағы арасындағы саяси күштердің нақты тепе-теңдігін ұстап тұру.

Мемлекеттік билік механизмінде шешуші рөлді мемлекеттік органдар ойнайды. Олар мемлекеттік билікті жүргізу үшін арнайы құрылады. Мемлекеттің органдардың ерекшеліктері болып басқа ешқандай ұйымдарда жоқ мүмкіндіктер мен құралдарының, нақтырақ айтқанда-мемлекеттік билік өкілеттілігі табылады.

Ол мемлекеттің өз қызметтерін тиімді жүзеге асыруға бағытталады. Мемлекет өзінің ұйымдары арқылы әрекет ете отырып, оларға сәйкесінше құқықтар мен міндеттер береді. Өкілеттілік- ұйымның

құнды міндеттерімен құқықтарын байланыстыру. Мемлекеттік ұйымдардың жеке құқықтары жоқ, бұл қандай да бір артықшылықтар емес, олар тек қандай бір органдарға қойылған міндеттерді орындау қажеттілігінен туындайды. Сонымен қатар мемлекеттік органның кез-келген нақты құқығы оның міндеті ретінде қабылданады. Осылайша, азаматтардың субъективті құқықтары мен мемлекеттің органдардың (өкілеттілігі) арасында айырмашылық бар, себебі мемлекеттік органдар үшін мүмкін тәртіп міндетті тәртіп ретінде қабылданады[2;34].

Институционалды реформалар мен мемлекеттік басқарудың заманауи жүйесін қалыптастыруға бағытталған жаңа заңдардың енгізілуі нәтижесінде мемлекеттік қызметтің жалпы сипаты мен жеке түрлері өзгеріске ұшырады. Мемлекеттік биліктің Қазақстандық жүйесі шетелдік мемлекеттердің тәжірибесі мен басқару мәдениетінің ұлттық дәстүрінің қосындысы болды. Сонымен бірге, мемлекеттік қызметтің әрекет етуінің жаңа принциптерінің қалыптасуы сәтсіздіксіз болған жоқ және түрлі қиындықтардан тұрды. Мемлекеттің қызметтің жағдайы көбінесе бұл институттың жалпы сипаттамасы мен даму аспектілерінің мәселелерін сипаттайтын оның функционалдық және құрылымдық өзгерістерімен жүзеге асырылды.

Динамикалық әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси процесстер жаңа шындықтар мен мемлекеттің стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін жаңа мемлекеттік механизмдер мен басқару институттарын талап етті. Соның салдарынан жаңа мемлекеттік құрылымдардың қайта ұйымдастыру, жойылу процесстері мемлекеттік басқару жүйесінің дамуының бір бөлшегі ретінде қалыптасты.

М.Вебер жасаған билік пен саяси көшбасшылық типологиясы заманауи саяси процесстерде де белсене қолданылуда. Билік пен оның институттарының табысты жұмыс істеуінің маңызды шарттарының бірі биліктің легитимділігін қамтамасыз ету болып табылады. Легитимділік (латын тілінен *legitimus* – заңды, орынды, әділ) – саяси тәртіптің қабылданған саяси шешімдерді, таңдалған бағамды, қызметтік немесе мамандық өзгерістерді қоғамның мойындауына қол жеткізу қабілеттілігін сипаттайтын ұғым. Легитимділік – бұл әрекеттегі саяси тәртіптің фактіге негізделген және заңды орындылығына деген сенімге негізделген үстемділіктің белгілі бір түрін заңдастыру құралы. Легитимацияға билік институттарының азаматтарды стратегиялық және тактикалық міндеттер, қабылданған шешімдер мен әрекеттердің дұрыстығы мен тиімділігінің негіздемелері туралы және тактикалық тапсырмалар мен жүргізіліп отырған саясат туралы ақпараттандыру бойынша шаралар жүргізу арқылы қол жеткізіледі[3;46].

Демек, жаңа мемлекеттік ұйымдардың қайта таратылуы, қайта құрылуы ведомство аралық үйлестіруге кері әсерін тигізді, ол өз кезегінде тұтастай алғанда мемлекеттік басқару жүйесін бұзды.

Мемлекеттік аппаратты оңтайландыру қойылған міндеттерді шешудің тез әрі тиімді жолдарын табу принциптеріне сәйкес жүргізілді. Мемлекеттік қызметкерлердің өкілеттілігіне жауапкершілігінің оңтайлы сәйкестігі мемлекеттік басқарудың тиімсіз әрекет етуіне алып келді. Сонымен, биліктің бөлінуінсіз және соған сәйкес тиімді тежемелік және тепе-теңдік сақтау жүйесінсіз құқықтық мемлекет және құқықтық заңдардың болуы мүмкін емес. Биліктің тармақтарға бөлінуі – құқық дамуының нәтижесі және мәнді сипаттамасы болады, мемлекетпен заңдылықты ұйымдастырудың және олардың әрекет етуінің алғышарты және жағдайы.

Мемлекеттік аппарат үлкен болғандықтан, оны әрі қарай оңтайландыру қажеттілігі туындайды, ол өз кезегінде әрекет етуші құрылымдардың бөлінуіне, тиімсіз өзекті емес ведомстволардың жойылуына және мемлекеттік органдардың талаптарына сәйкес жаңа құрылымдардың туындауына әкеледі. Осыған сәйкес ведомство аралық байланыстардың механизмдерін қалыптастыру қажет.

Билікті іске асыру механизмдері қарастырады:

- билік қатынастарында қатысушы серіктестердің бар болуын;
- орындалмаған жағдайда фактіні анықтау бойынша құқық актілері түрінде айқындалған саяси субъектінің ерік білдіруін;
- билікті жүзеге асырушыларға азаматтардың бағыну міндеттілігін;
- біреулердің заң актілерін жасау, ал басқаларының оны орындау құқығын бекітуді[4;8].

Сонымен қатар аса маңызды мәселе болып билікті іске асырудың мүмкін болатын әдістерін есепке алу да табылады, оларға жататындар: бедел, құқық және күштік әсер етудің ұйымдастырылған әдістері.

Бүгінде Қазақстанда қоғамдағы тұрақтылықтың бастауы болып табылатын, қоғамды одан әрі тереңдетуді мақсат тұтқан күшті мемлекеттік биліктің қалыптасқанына ешкім де күмән келтірмейді. Бұл – жаңа Конституцияның нәтижесі,- деп жазды Н.Ә. Назарбаев.

Қазақстан Республикасының Конституциясын еліміздің халқы заңды басымдығы бір әлеуметтік құндылық, адамның құқығы мен бостандығын қорғауға қызмет етуші, құқық тәртібін, мемлекеттің

және оның институттарының тұрақтылығын нығайтушы, бүкіл құқық жүйесін жаңартушы және дамытушы деп қабылдады. Жалпы қоғамдық санада Конституцияның біздің өміріміздегі орны мен рөлі дұрыс түсіну нығайды. Өткен қысқа кезең Конституцияның халыққа қызмет ететіндігін дәлелдеп берді, әрбір азамат өзінің әрбір басқан қадамы мен әрекетін Конституцияның принциптері негізінде сәйкестендіріп жүзеге асырады. Ол көпшіліктің қолы жететіндей, көп таралыммен жарық көрді, елдің барлық оқу орындарында оқытылып үйретілуде. Негізгі заңның рухы мен әрбір сөзі қоғамымыздың бүкіл өн бойына сіңісіп кетті десек, артық айтқандық емес[5;126].

Мемлекеттік биліктің ерекше қасиеттеріне мыналарды жатқызуды болады:

1. Мемлекеттік биліктің күштілік, оның негізіне жататыны мемлекет; басқа ешқандай билік сондай ықпал ету құралымен пайдалана алмайды.

2. Мемлекеттік билік көпшілікшіл. Жалпы оның мәнінде көпшілікшіл, яғни барлық билік қоғамдық. Дегенмен, мемлекет теориясында бұл сипаттамаға басқа дәстүрлі мән беріледі, нақты сол, мемлекеттік биліктің профессионалды аппаратпен іске асырылуы, қоғамнан бөлінген билік объектісі ретінде.

3. Мемлекеттік билік егеменді, олай болатын себебі оның сырттай тәуелсіздігі және ел ішіндегі үстемдігі. Мемлекеттік биліктің үстемдігі ең алдымен, оның билігі барлық басқа ұйымдардың және елдің жалпылығынан жоғары тұратындығы және оның барлығы мемлекеттің билігіне бағынуға міндетті.

4. Мемлекеттік билік универсальды ол өз күшінің барлық аумақтарға және елдің барлық тұрғындарға таратады.

5. Мемлекеттік биліктің шексіз құқығы бар (прерогатива), яғни жалпыға міндетті тәртіп жолын шығаруға құқығы бар – заңды нормалары.

6. Уақытта мемлекеттік билік үнемі және тоқтаусыз әрекет етеді[6;21].

Билікті бөлу теориясы XVII – XVIII ғасырларда Дж.Локк пен Ш.Монтескьенің қалыптастыру кезеңінің өзінде мемлекеттік аппарат қосалқы жүйесінің қатаң сәйкестендірілген жиынтығынан құралмайды. Және XX-ғасырдың екінші жартысы – XXI-ғасырдың басында аталған тұжырым бұл жағынан өз сипатын өзгерткен жоқ. Саяси тәжірибенің қажеттілігі түрлі мемлекеттерде мемлекеттік органдардың бөлінген жүйесінің құрамдас бөлігі ретіндегі биліктердің әртүрлі жиынтығын талап етеді.

«Мемлекеттік билік» ұғымы анағұрлым ауқымды және көпқырлы «билік» ұғымынан туындаған. Бірақ соңғысы көрсетілген аспектіде заң әдебиеттеріндегі арнайы өңдеу пәні болып салыстырмалы түрде кейіннен, шамамен алғанда 60-жылдардың басынан бастап, қолданыла бастады, және де әрі қарай терең зерттеуді қажет етеді. Философиялық және жалпы әлеуметтанулық санат ретінде билік қоғамдық өмірдің қол жеткізілген сипаты мен деңгейіне сәйкес келетін, жекелеме субъектілердің билік қатынастарына және олардың басқарушы бірлестіктеріне бағынуымен сипатталатын әртүрлі әлеуметтік қауымдастықтың өмір сүру мен даму механизмдерін көрсетеді[7;94].

Берілген анықтама қоғамдық биліктің кез келген түрін сипаттайды: қоғамда, отбасында, және мемлекетте. Енді «билік» ұғымын «мемлекет» ұғымының аумағында қарастырайық. Отандық және шетелдік ғылымда, философтар мен мемлекеттік қайраткерлер еңбектерінде «мемлекет» ұғымының анықтамасында көптеген тәсілдемелер даярланған (нормативтік, теологиялық, табиғи-құқықтық, мәдениеттанулық және басқалар). Кейбір ғалымдар мемлекетті «таптық қоғамды басқаруды, оның әлеуметтік және экономикалық құрылымын қорғауды жүзеге асыратын негізгі саяси ұйым» ретінде анықтайды[8;41].

Заманауи демократиялық мемлекеттердің саяси өмірінде билікті бөлу – билікті функцияландырудың анықтаушы механизмі, соған сәйкес заңды, атқарушы және сот билігі биліктің әр тармағының өкілеттігі, біліктілігі және жауапкершілігі аясында сәйкесінше (әртүрлі) мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады, ал бұл қоғамда билікті теріс пайдаланушылық пен озбырлықпен басып алуды болдырмайды.

Мемлекеттік билікті іске асыру мемлекеттің белгілі қызметтерді жүзеге асыруы арқасында орындалады, яғни заңдарды қабылдау, қоғамдық өмірдің барлық салаларын реттеу мен басқаруды қамтамасыз ету, сот әділеттілігін жүзеге асыру және т.б.

Саяси билікті тиімді функцияландыру үшін жағдай жасау – бұл әрбір қоғамның шешуші міндеттері болып табылады, бұл міндеттер оны ұйымдастыру мен өзін-өзі ұйымдастыру бойынша шаралардың тұтас кешенін қамтиды. Бұл шаралар мазмұны мемлекеттік басқару мен мемлекеттік құрылысты енгізуден, саяси процестерді реттеу әдістерін, қағидалары мен құралдарын енгізуден тұрады. Мемлекеттік басқаруды жүйелі модернизациялаудың заманауи кезеңі республиканың нарықтық экономикаға көшуімен сипатталады, реформаның басында пайда болған орта тап нығайып,

ұдайы артуда. Сонымен қатар, халықтың сапалы өмір сүру деңгейі артуда, жұмыссыздар саны азаюда және т.б. Соған қарамастан, асыра орталықтандырылған мемлекеттік билік республиканың экономиканы одан әрі либералдандыру мен қазақстандық қоғамды демократияландыру жолында анағұрлым дұрыс қозғалыстар жасауына кедергі болуда. Сондықтан Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін реформалаудың қазіргі кезеңінің негізгі міндеттері ретінде келесілер анықталады:

- сайлау заңдылығын жетілдіру;
- биліктің өкілдік органдарының өкілеттігін кеңейту, әсіресе жергілікті деңгейде және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту;
- биліктің жергілікті өкілетті және атқарушы органдарының өкілеттіктерінің аясын кеңейту;
- сайлау қағидаларын жалпыұлттық деңгейде де, аймақтық деңгейде де кеңейту;
- мемлекеттік басқару органдарын орталықсыздандырудың саяси үдерістерін одан әрі дамыту;
- мемлекеттің оңтайлы құрылымын оның қызметінің нәтижелілігін арттыру және ішкі және сыртқы факторларға бейімделу мақсаттарында құру;
- «электрондық үкіметті» енгізуді тереңдету және одан әрі сынамалау.

Эксперттердің пікірі бойынша, 3000 мемлекеттік қызметке талдау жүргізу қажет және оның әрқайсысы бойынша оны деңгейлердің қайсысына беру керектігін анықтау қажет. Заң шығарушы және атқарушы органдардың алдында күрделі жұмыстар жүргізу қажеттілігі туындап тұр, ол аудандық, селолық және ауылдық округтар әкімдерінің (әкімшілік басшыларының) өкілеттігін кеңейту бойынша нормативтік-құқықтық актілерге сәйкесінше өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Бүгінде мемлекет өзінің қоғам алдындағы міндетін атқару үшін – өз азаматтарының ұлттық және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуі, өзінің биліктік өкілеттіктерін қоғам мүддесіне орай қолдануы, ұйымдастыру-тарату, реттеу, қалыпты және күштік қызметтерін ретке келтіруі қажет, және де үш революциядан, яғни ғылыми-техникалық, ақпараттық және басқарудан туындаған уақыттық мәселелерге жауап беруге міндетті. Бұл әрбір басқару субъектісінің міндеті, бәрінен бұрын басқарудың басты және негізгі субъектісі ретіндегі мемлекеттің міндеті. Ал бұл талаптардың мәні мынада: бүгінгі күнде ұйымдастыру-тарату, реттеу, қалыпты және күштік қызметтерді өз күштерін ақпараттық-аналитикалық концептуалды қызмет саласында түбегейлі сапалы өзгертусіз реттеуге болмайды. Онсыз мемлекет қоғады дамытудың сенімді стратегиясын мақсатты қоғамдық доктрина аясында даярлап, қабылдай алмайды, қоғамға түсінікті және ыңғайлы бағытты даярлап, ұсына алмайды, мұны көптеген ғалымдардың зерттеулері көрсетіп отыр. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, өркениетті елдер жұмысында қызметтерді қайта топтау, мемлекеттік жұмыста жаңа басымдықтарды ұсыну айтарлықтай жүруде[9;74].

Билікті бөлу принципі барлық демократиялық мемлекеттердің теориясымен және қызметімен қабылданды. Қазіргі Қазақстанда мемлекеттік ұйымдастырудың бірден бір принципі ретінде қабылданды.

Мемлекеттік биліктің ерекшелігін, оның ереже қасиетін, белгісін айта отырып, екі жағдайды еске сақтауымыз қажет: біріншіден, тығыз, бөлінбейтін, мемлекеттің билігімен, мемлекеттің байланысын, ал екіншіден, мемлекеттік билікпен, мемлекет – бұл дегенменде әртүрлі, бірі-біріне ұқсамайтын құбылыстар, Осыған байланысты, бір жағынан, мемлекеттің биліктің белгісі және мемлекет бірімен – бірі қарым-қатынаста болады, тығыз араласып кеткен, ал екінші жағынан- олар толық сәйкес келмейді және оларды сипаттауға ыңғайлы әртүрлі болуы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Нүркенов А. «Биліктің бөліну принципінің конституциялық ережелері» // Адам және қоғам. Ғылыми сараптамалық журнал. 2006.- Б.55-59.
- 2 Бадретдинов З.А., Бадретдинов В.З. Власть и человеческое существование // Вестник Тамбовского государственного технического университета. 2008. - Т. 14. - № 1.-С.34-38.
- 3 Романенко В.Б. Механизм легитимации государственной власти: структурно-содержательный аспект // Юристы Правоведь. - Ростов-на-Дону: Изд-во Рост. юрид. ин-та МВД России, 2010. - № 2.-С.46-50.
- 4 Пигузова И.В. О понятии государственной власти // Актуальные проблемы российского права. 2007. - № 1. - С. 8-14.
- 5 Каппасов Т.М. Развитие системы гос-го управления Казахстана в 1990-1995-х годах: историко-правовой аспект. // ҚарМУ хабаршысы = Вестник КарГУ – 2007 № 1 –Б.126-132.

6 Витченко А.М. Теоретические проблемы исследования государственной власти. Саратов: Изд-во Саратов. ун-та, 1982. -196с.

7 Барнашов А.М. Теория разделения властей: становление, развитие, применение. Томск: Изд-во Том. ун-та, 1988. 102с.

8 Атаманчук Г.В. Государственное управление: проблемы методологии правового исследования. М.: Юрид. лит., 1975. -240с.

9 Котляревский С. А. Власть и право: Проблема правового государства. М., 1995.-175 с.

КІШІ ЖҮЗ ЖӘНЕ ОРТА ЖҮЗ ХАНДЫҚТАРЫНЫҢ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚОЛ АСТЫНА ҚАРАУЫНЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСТАРЫ

Шаугенбай А.Б., заң факультетінің магистранты, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ (Қожахметов Ф.З. з.ғ.д., профессоры, аға оқытушы академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)

Қазақ халқының XVII-XVIII ғасырлар ауқымындағы саяси-құқықтық дамуына қатысты қоғамдық пікірдің өсіп, жаңа деңгейге көтерілуі, оған деген тың ғылыми тұрғыдағы қызығушылықтың, ұлттық мүдделілік көзқарастардың пайда болу процесіне байланысты ең күрделі, әрі қарама-қайшылықты мәселелердің бірі – кең байтақ қазақ даласының көп ұлтты Ресей империясының қол астына қарауы жөніндегі осы кезге дейін қалыптасқан пікірлерді зерттеушілер тарапынан жаңа концепциялық бағыттағы көзқарастармен, жаңаша, тәуелсіз ой-тұжырымдарымен бағамдауға мүмкіндік беріп отыр.

Кенес өкіметінің тоталитарлық, әміршілдік-әкімшілдік жүйесі бұл мәселеге қатысты тарихи зерттеулерде көп уақытқа дейін өзінің «қолтаңбасын» қалдырды, яғни бұл көтеріліп отырған мәселені қазіргі кезде тарихымыздағы «ақ таңдақтардың» қатарына қосуға болады. Осы тұрғыдан қазақ мемлекеттігі тарихына қатысты өткен ғасырлар ауқымында болып өткен белгілі оқиғалар желісінде қалыптасқан пікірлерді сын көзбен қайта қарап, объективті түрде баға беру – соңғы уақыттағы ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне негізделуі керек.

Тарихымыздың қойнауына көз жүгіртсек, 1726 – 1730 жылдардағы қазақ жасақтарының жоңғар басқыншыларына күйрете соққы беруі, Жоңғар хандығы тарапынан қазақтарға төніп тұрған нақты қауіп-қатерді барынша әлсіреткенімен, осы кезеңде ерекшеленіп үш жүзге бөлшектенген қазақ хандықтары билеушілерінің саяси бірауыздылығының, бір бағыттағы ұстанымдарының болмауы, билеушілер арасындағы шиеленісті, қарама-қайшылықтары күшейтіп жіберді. Бұл кезде қазақ жүздерінің басында – Кіші жүзде Әбілқайыр, Орта жүзде – Семейке және Көшек, Ұлы жүзде – Жолбарыс хандар тұрған еді. Сонымен қатар, қазақ хандықтарының ішкі саяси жағдайының, ахуалының қалыптасуына Әбілқайырдың ұлдары Нұралы, Ералы, Орта жүздің Найман тайпасының арасында беделі бар Барақ сұлтан, Жәнібек батыр, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Ұлы жүзде ерекше беделі бар Төле би, Ханкелді, Бөлек батырлар барынша ықпал жасады. 1715 жылдың күзінде біріккен қазақ мемлекетінің бас ханы – Тәуке қайтыс болғаннан кейін, ондағы хандық орын босайды. Бас хандықтың тағына Шыңғыс ұрпақтарынан тарайтын жасы да, жолы да үлкен деп саналатын Жәдігеннің тұқымдары отыруы тиіс болды, жолы кіші болғандықтан Өсеке билеушінің әулетінен тараған Әбілқайыр бас ханның тағына отыруға үміткер ретінде Тәуке, Қайыптармен бәсекеге түсе алмайтын еді. Сондықтан Әз-Тәуке қайтыс болған соң қазақ хандығының бас ханының тағына оның баласы Болат отырады. 1730 жылы Болат хан қайтыс болған соң, қазақтың үш жүзінің хан-сұлтандары Әулиеата маңына жиналып, құрылтай жиналысын ашады. Бұл құрылтайға үш жүздің ұлы ханы Болаттың баласы Әбілмәмбет және Болат хан тікелей билеген ұлы жүздің сұлтандары, Шығай ханның ұрпағы және өз заманының қаһарманы Барақ сұлтан билеген Орта жүздің сұлтандары, Әбілқайыр бастаған Кіші жүздің сұлтандары қатынасады... Осы құрылтайда Әбілқайыр Әбілмәмбеттен үш жүздің ұлы хандығын алмақ болып жолсыз талап қояды. Сонымен үш жүздің береkesі бұзылады [1; 173-174].

Әбілқайыр – хан әулетінен шыққан сұлтандардың бірі. Қазақ хандығын алғаш құрған Әз Жәнібек ханның жетінші ұрпағы. Ол XVIII ғасырдың 20-шы жылдары Кіші жүзге хан болған. «Ақтабан шұбырынды» жылдарында қазақ қауымын бастап, жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен әйгілі қолбасшыларының бірі. Тарихшы З. Тоғанның айтуына қарағанда, ол кезде Әбілқайыр қазақтың үш жүзінің ұлы ханы, оған қоса қарақалпақтардың ханы, сонымен қатар, Хорезмде билеуші болуды арман еткен [1; 173].